

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б.151-152

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәнінен автоматтандырылған сөздік жасау негіздері

Джумагалиева А.М., Көксеген Ә.Е.

Сөздік жасау программасының мақсаты бізге түсініксіз ағылшын сөздерді программаға енгізіп аудару. АКТ пәнінен сөздік жасаудың негізі жетілдірілген программалау тілі ортасының мүмкіндіктерін көрсететін программалық интерфейсін дайындау болды. Бастапқыда компьютер болмаған кезде адамдар барлық есептеу, іс-жұмыстарды қолмен жасаған. Кейін технологияның қарқынды дамуына байланысты көптеген қажетті ақпарат құралдары пайда бола бастады. Компьютер арқылы ақпаратты сақтауға, өңдеуге, тасымалдауға және де қабылдауға болады. Оның осы тиімді жақтарын пайдалана отырып, бізге тиісті жұмыстарымызды атқаруға мүмкіндік берді. Дами келе көптеген программалау тілдері пайда бола бастады[1].

XXI ғасыр елімізде қоғамдық ақпараттандыру - мемлекеттік саясаттың негізгі элементтерінің біріне айналды. Қоғамды ақпараттандыру деп - елдің экономикалық нығаятын қамтамасыз ететін, ғылыми - техникалық прогресін жеделдетін қоғамдық байлық ретінде жаппай пайдалану және жылдам әрі нақты ақпараттар беру[3].

Қазіргі таңда пайдалануға арналған арнайы программалар мен программалар жабдықтары көптен саналады. Сондықтан да осы зерттеудің өзектілігі ретінде компьютерлік программалық тілдердің ішінде танымал, әрі жетілдірілген түрі болып саналып жүрген С# программалық тілінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы: компьютерлік терминологиялық сөздерді тез үйреніп, меңгеруге, әрі көмекші құрал ретінде білімін жетілдіру үшін автоматтандырылған сөздік программасының негіздерін атап көрсеттік[2].

Әлемдегі миллиондаған программистер жетілдірілген программалау ортасында көптеген интерфейс шаблондарын жасап отыр. Күнбе-күн коммерциялық және жеке мәліметтерді санамағанда (адам аттары, мекен-жайлар, есепшоттар) визуальды интерфейс көмегімен жұмыс істеу керек болатын көптеген ақпараттар бар: дыбыс файлдары, видео көріністер, WEB – парақшалары және т.б. Сөздіктерді қолдану арқылы біздің, яғни қолданушының уақыты барынша үнемделеді, қажетті сөздерді іздеу мен сұрыптауға қатысты және т.б. іс-әрекеттерді жеңілдетеді. Сөздікке ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар,

телекоммуникациялық жүйелер мен технологиялар, ауылшаруашылығы бағыты бойынша сөздер енгізіледі[1].

Қорыта келгенде, заманға сай тілдік процестерді автоматтандыру мәселесі үнемі жетілдіруді қажет етеді. Электронды сөздіктер ғалымдар мен мамандардың программалық қамтамасыз етілуіне көмек беруі қажет, ол үшін отандық және шетел ғылымында қолданылатын түсініктердің арасында ұқсастықтар мен ерекшеліктері айқындалуы керек, ана тілімізге күн сайын жаңа сөздер, жаңа қолданыстар мен жаңа терминдердің еніп отыратынын ескерсек, автоматтандырылған сөздікті жасау мәселесі – күн тәртібінен түспейтін әрі ұтымды, әрі заман сұранысына сай зерттеу деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Oxford Advanced Learner's Dictionary. [http:// oxforddictionaries.com](http://oxforddictionaries.com)
2. <http://www.androlib.com> www. Android Dictionary.com.
3. Загорулько Ю.А., Боровикова О.И., Загорулько Г.Б. Построение многоязычных тезаурусов средствами семантической технологии. Институт систем информатики имени А.П. Ершова СО РАН, Новосибирск. Материалы конференции OSTIS-2012, 12-16 февраля 2012г. www.ostis.com